

## Қазақстандық бітімгершілік батальонын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 2000 жылғы 31 қаңтар N 116  
Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен

айқындалған халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі міндеттемелерін орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жалпы мақсаттағы күштері санының шегінде десанттық-шабуыл бригадасының үшінші десанттық-шабуыл батальоны базасында мемлекеттік мекеме нысанында Қазақстандық бітімгершілік батальоны (бұдан әрі - Қазбат) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

екі ай мерзімде осы өкімнен туындайтын қажетті шараларды қолдансын.

Қазбатты қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қамтуға көзделген қаражаттың есебінен жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.